

№ 3 дәріс. Саяси жүйе және саяси режимдер

Дәріс жоспары:

1. Саяси жүйе ұғымы мен құрылымы
2. Саяси жүйенің функциялары
3. Саяси жүйенің жіктелуі
4. Саяси режим ұғымы, типтері.
5. Антидемократиялық саяси режим ұғымы, оның түрлері.
6. Демократиялық саяси режим.

Дәріс мақсаты: Қоғамның саяси жүйесінің ерекшеліктері, оның құрылымы мен міндеттері, жіктелуі, түрлері туралы студенттерге түсінік беру. Студенттердің саяси режим және оның типтері туралы түсініктерін қалыптастыру.

Оқытудың техникалық құралдары: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық.

Дәрістің оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы.

Дәріс мазмұны:

1. Саяси жүйе ұғымы мен құрылымы

Қоғамның саяси жүйесі ұғымы – саясаттану ғылымындағы өте күрделі мәселелердің бірі. Саяси жүйе – қоғамдық жүйенің, құрамдас бөлігі, қоғамдық жүйе саяси жүйеден бұрын қалыптасқан. Қоғамның саяси жүйесі – саяси қатынастарды, саяси сананы, саяси нормалар мен қағидаларды қоғамның саяси ұйымдарын қамтитын саяси қондырманың ең басты бөлігі. Саяси жүйе ұғымы көптеген қоғамдық ғылымдардың назарында болып әр қырынан зерттеліп келеді. Ал саясаттану ғылымы саяси жүйені, қоғамның негізгі салаларындағы маңызды саяси құбылыстарды әрекетке келтіріп реттеп тұратын біртұтас әлеуметтік механизм деп қарайды. Саяси жүйе, қоғамның саяси әлеуметтік және экономикалық дамуын қамтамасыз ететін тұтас саяси организм. Саяси жүйе негізін саяси билікке, ең бастысы мемлекеттік билікке қатынасы бар таптар, ұлттар ірі қоғамдық жіктер мен әлеуметтік топтар құрайды. Саяси жүйе қызметі болып жатқан саяси қатынастардың даму деңгейіне тікелей тәуелді болады. Саяси қатынастардың дамуы саяси институттармен ұйымдардың өмірге келуіне ерекше әсер етеді. Өйткені бұл аталған саяси мекемелер арқылы, таптар мен әлеуметтік жіктер, топтар өздерінің мүдделерін жүзеге асырады. Сондықтан таптар мен адамдардың әлеуметтік қауымдастықтары, көпшілік (қауым) қоғамның саяси ұйымдастырушы элементтері болмағанмен, сол қоғамның саяси жүйесінің әлеуметтік негізін құрайды. Ол саяси жүйе пайда болатын базис болып табылады. Ал мемлекет партия және қоғамдық саяси қозғалыстар, еңбек ұжымдары, саяси жүйенің негізгі элементтері. Сөйтіп, саяси жүйе қоғамның күрделі, сан қырлы құрылымы болып табылады. XX ғасырдың 50-ші жылдары американ саясаттанушы ғалымы Давид Истон саяси жүйені, қоғамдағы игілік көздері қалай бөлінеді, әділетті ме әлде әділетсіз бе осыған карап анықтайды. Қоғам мүшелерінің арасындағы даужанжалдар осыған

байланысты өздігінен реттеліп отырады. Ол саяси жүйенің басты екі міндетін бөліп қарайды:

1) саяси жүйенің қоғамдағы байлықтарды дұрыс бөлетіндей қабілетінің болуы;

2) саяси жүйе қоғам азаматтарының осы бөліністің міндетті деп қабылдауына көздерін жеткізуінде дейді. Осының нәтижесінде қоғамдағы сұранысқа ұсыныс қызмет көрсетіп халықты қанағаттандыра алатындай дәрежеде болуы тиіс. Ал, ол саяси жүйенің қызмет ету тетіктерін былай сипаттайды. Саяси жүйе сыртқы ортамен «кіріс», «шығыс» принциптері арқылы байланыста болады. Кірістің өзі екеу болады. Олар мынадай: біріншісі, саяси жүйеге қойылатын талаптар да, екіншісі сол өмір сүріп отырған саяси жүйені үнемі қолдап отыру. Мысалы, елдегі демократиялық өзгерістерді жылдамдату, халықтың күн көрісін төмендетпеу т.с.с. жатады. Ал, қолдау арқылы саяси жүйе күшейе түседі. Қоғам өміріндегі дағдарыс тұсында халықтың саяси жүйеге түсіністікпен қарауы. «Кіріс» барысында сыртқы орта саяси жүйеге ықпал жасайды. Саяси жүйе қоғамдағы қордаланып қалған әртүрлі мәселелерді шешіп реттеуге міндетті болады. Ал осыларды шешу, реттеу «шығыс» арқылы жасалады. Егер де билік басындағылар қоғам мүшелерімен санаспаса, олардың, шешімдері қолдау таппайды. Саяси жүйедегі «кіріс» пен «шығысты» реттеп отырмаса, онда ол қайшылыққа апарады. Саяси жүйенің төрт түрі болады:

1. Топтар мен жеке адамдардың іс-қимылын, әрекеттерін басқаруға байланысты реттеу мүмкіндігі;

2. Өзінің қызмет етуіне қажетті экономикалық және басқа қорларды табу мүмкіндігі;

3. Қорларды, игіліктерді, қызметті, үздік (озат) белгілерді және т.с.с, бөлу мүмкіндігі;

4. Әлеуметтік ортаның талаптарына әрқашан жауап берерлік қалып, жаңа жағдайға бейімдеушілік мүмкіндігі.

2.Саяси жүйенің атқаратын функциялары, яғни қызметтері сан-алуан:

1. Белгілі бір әлеуметтік топтың немесе көпшілік халықтың саяси билігін қамтамасыз ету. Ол биліктің қалыпқа келтірілген, ережелерде, реттеліп бекітілген, яғни институционалдық жағдайға келтірілген түрі. Осыдан конституцияға негізделген жалпыға міндетті заңдар шығарылады.

2. Саяси жүйе қоғамдық қатынастарды реттейді, жекелеген әлеуметтік топтар немесе көпшілік халықтың мақсат-мүддесіне сәйкес адамдардың тіршілік әрекетінің әртүрлі салаларын басқарады. Ол әлеуметтік институттар қызметінің, мақсаттарын айқындайды, солардың негізінде оларды орындаудың саяси жобаларын жасайды.

3. Саяси жүйе жинақтаушы, топтастырушы рөл атқарады. Олар барлығына ортақ әлеуметтік мүдделер мен құндылықтар айналасында бірігеді.

4. Экономиканың қалыпты жұмысына дамуына қажетті жағдайлар жасап отыру. Мысалы, саяси жүйе өндіріс құрал-жабдықтарының меншік түрлерін құқықтық тұрғыдан реттейді. Сөйтіп, саяси жүйе саяси саланың бір бөлігі, яки билікті жүзеге асырушы, қоғамдық істерді басқару, таптардың,

әлеуметтік топтардың, ұлттардың, мемлекеттердің арақатынасын реттеуші мемлекеттік және мемлекеттік емес әлеуметтік ұйымдардың бір-бірімен байланысты жиынтық жүйесі. Ол қоғамның тұрақтылығын және әлеуметтік тәртіпті сақтауды қамтамасыз етеді. Қоғамның саяси жүйесінің дамуының басты бағыты - терең демократиялық өзгерістер жасау, бюрократтық-әкімшілдік басқарудан айырылу, жеке адамдардың құқықтары мен бостандықтарын толық қамтамасыз ету, құқықтық мемлекетті қалыптастыру, көппартиялық пен саяси плюрализмді дамыту, заң шығарушы, істі атқарушы және сот органдарының дербестігін қамтамасыз ету, саяси билікті жүзеге асыру, елдің толық тәуелсіздігіне қол жеткізу. Сонымен саяси жүйе қоғамдық өмірдің барлық салаларының дамуына бағыт беріп, ықпал етеді, оларды реттеп отырады. Қоғамның саяси жүйесі барлық елде бірдей болмайды. Ол әрбір қоғамның өзіндік ерекшеліктеріне сай құрылады, өзгеріске түсіп дамиды.

3.Саяси жүйенің жіктелуі Саяси жүйені жіктеп-топтау жөнінде әлі де ортақ пікір қалыптаспаған маркстік көзқарасты жақтаушылар саяси жүйені жіктеуде, қай қоғамдық экономикалық формацияда екендігіне, әлеуметтік-экономикалық құрылымына қарап, соны өлшем етіп алады. Бұл көзқарастан әлбетте құлиеленуші феодалдық, буржуазиялық, социалистік саяси жүйе келіп шығады. Әлеуметтік негізге сай жіктелгенде әскери және азаматтық басқару ұлттық-демократиялық немесе буржуазиялық-демократиялық жүйе болып бөлінеді. Өртүрлі өлшемдерге сүйенген батыс саясаткерлерінің саяси жүйелерді түрлеріне қарай топтауларының мәні ерекше. Елдегі басқарудың саяси тәртібіне қарай саяси жүйе демократиялық, авторитарлық және тоталитарлық болып бөлінеді. Саяси тәртіп дегеніміз – конституциялық заңдар жиынтығы, мемлекеттік құрылыс, оны басқарудың бейнесі. Зерттеуші ғалымдардың көпшілігі саяси тәртіптің қандай дәрежеде екенін белгілейтін өлшем ретінде демократиялық дамуы мен қоғамның мүшелерінің саяси белсендігін алады. Осы негізге сүйене отырып олар саяси жүйені демократиялық және антидемократиялық деп бөледі. Демократиялық жүйеде өкіметтің билігін шектеп отыратын, бақылау механизмі мықты болады. Биліктің демократиялық тәртібі екіге бөлінеді. Олар – президенттік және парламенттік басқару. Бүгінгі таңда 25 мемлекетте саяси өкімет билігі конституциялық монархияның қолында болса, төрт елде шексіз билікті иемденген діни ұйымның қолында. Әлемнің көпшілік мемлекеттерінде биліктің демократиялық, республикалық жүйесі орнаған. 1990 жылы 24-сәуірде Қазақстанға Президенттік басқару жүйесі енгізілді. Президенттік билеу кезінде атқарушы орган парламентке бағынбайды. Елдің атқарушы үкіметі бес жылға жалпы халықтық сайлау нәтижесінде сайланады. Заң шығару құқығы парламенттің құзырына енген. Ал биліктің парламенттік нысаны бойынша ел басшысы парламентке бағынады. Бұл тәртіп кезінде заң шығарушылық та, атқарушылық билік те парламенттің қолында болады. Атқарушы орган қызметін парламент арқылы жүргізді. Қазірде әлемде парламенттік мемлекеттердің әр түрі бар. Мысалы, парламентке сайланған депутаттар коалициялық кабинет құрады. Мұндай кабинетті парламентте

жеткілікті дауыс ала алмаған жағдайда әртүрлі партия өкілдері келісіп құрады. Сөйтіп биліктің парламенттік тәртібі көпшілік дауысы бар бір партиялық және коалициялық бірігіп басқаратын келісімдік басқару түрлері болады. Белгілі Испан саясаттанушысы Хуан Линде қазіргі әлемдегі демократиялық емес авторитарлы және тоталитарлы тәртіптердің арасындағы айырмашылықтарды ашты. Тоталитаризм тұжырымдамасы 1950 жылы мәлім болды. Осы жылдары американ саясаттанушылары Карл Фридрихс пен оның ізбасарлары тоталитаризмнің ғылыми негізін талдап берді. Олардың айтуынша, тоталитарлық тәртіп кезінде біріншіден, мемлекеттік билікті толық иемденген (көпшілік еріксіз мойындаған) партияның болуы. Екіншіден, партия демократиялық негізде құрылмай бір жетекшінің қол астына шоғырланады. Мысалы, оған дәлел Гитлердің кезіндегі фюрерлік (жетекшілік) деп фашистік билік тәртібі аталатын. Бұл принцип бойынша билік ету жетекшіден (фюрерден) төменге қарай барлық халықты еріксіз, қорқытып бағындырумен жүзеге асырылады. Үшіншіден, бұл тәртіп кезінде идеология басты рөл атқарады. Тоталитарлық тәртіп – идеологияға сүйенген тәртіп деуге де болады, өйткені онда үнемі өздерінің ойдан шығарған "ертегі" қағидалары болады. Мысалы, Гитлер құрған ұлтшыл партияның арий нәсілі әлемдегі ең қасиетті, ең үздік, өзгелерден артық нәсіл деп уағыздалды. Сол елдің идеологиясын билік басындағы саяси жетекші белгілейді. Төртіншіден, тоталитаризм кезінде саяси институттар тарапынан өндіріс пен экономикаға дара билік орнатылады. Ол мемлекеттің барлық саласын, ағарту, білім беру, ақпарат құралдарының тетіктерін де, өз қол астарына қаратып мықтап ұстайды, оларға қатаң бақылау (цензура) орнатады. Таза тоталитарлы мемлекетте қоғамның саяси жүйелерінің бірде-бір саласы еркіндікте болмайды, бәрі қатаң бақылауда өмір сүреді. Бесіншіден, тоталитарлық тәртіпте жаппай террорлық полицейлік бақылауға жол беріледі. Бұл тәртіптен полицейлік бақылау, күш қолдану, қысым жасау сияқты дөрекі әдістер қолданылады. Авторитарлы жүйені танып білу қиынға соғады. Өйткені авторитарлы жүйе автократия орнаған мемлекетте болады. Автократия дегеніміз – бір адамға жоғары өкімет билігін шексіз беру дегенді білдіреді. Автократия өмір сүрген мемлекет басқаруында демократияның да, тоталитарлы тәртіптің де белгілері білінбейді. Сөйтіп авторитарлы жүйенің тоталитарлы жүйеден айырмашылығы – биліктегі өкімет тоталитарлы тәртіптің мақсатын қайталамауында. Авторитарлы жүйе жалпыға бірдей идеология ұстанбайды. Аталған жүйе көбінесе ұлттық мүддеге басты көңіл бөледі. Авторитарлы тәртіптің бірі, діни ағымдардың яғни діни ұйымның қолындағы билік. Мысалы, оған 1979 жылғы Ирандағы революциядан кейінгі нағыз теократиялық «дін иелерінің» құрған авторитарлы тәртібі жатады. Әлемде авторитарлы тәртіптің бұдан өзге де түрлері бар. Мексикадағы көппартиялық жағдайдағы билікте отырған "революциялық" партия. Олар оппозицияға жол ашып, сайлау өткізуге рұқсат берді. Алайда бұл қадамдардың көбі жасанды екенін де мойындауымыз керек. Бәрібір ондағы билікті бір партия қолынан шығармады. Үшіншісі - әскери билік. Бұл билік тұсында саяси қызметтерге тыйым салынады, не шектеледі, демократия

түншықтырылады. Төртіншіден, жеке дара билеу тәртібі бұл жағдайда жетекші мемлекеттегі институттардың әлсіздігіне қарамай, полиция-ның көмегіне сүйеніп билік жүргізеді. Бұл – авторитарлы тәртіптегі ең тұрақсыз, осал биліктің түрі. Биліктің бұл түрі үстемдік еткенде, өкімет басында басқа институттардың қолдауынсыз ұзақ тұру өте қиын болады. Алайда белгілі бір кезеңде тәртіптің бұл түрі де біраз өмір сүруі ықтимал. Бесіншіден, қазіргі кезде жоғалып бара жатқан авторитарлы тәртіптің бір түрі монархия («моно» – дара) болып табылады. Алайда монархиялық тәртіптің бәрі авторитарлы емес. Еуропа (Ұлыбритания, Норвегия, Швеция, Дания, Бельгия, Люксембург, Испания) мемлекеттеріндегі монархиялық билік демократиялық парламенттің қолында. Монархтың мемлекеттің қоғамдық өміріне араласуы конституциямен шектелген. Даму сатысы біршама төмен елдерде (Марокко, Иордания, Сауд Арабия Корольдігі және т.б.) монарх нағыз ел билеуші ретінде өз күшінде отыр. Қазіргі кезеңдегі саяси жүйенің тағы бір түрі болып дәстүрлі және жаңартылған жүйе қалыптасуда. Дәстүрлі жүйеге дамымай қалған нашар азаматтық қоғамдағы саяси рөлі әлсізденген, билік қабілеттері бытыраған, бірақ ерекше дарынды әдіске сүйенген билік жатады. Жаңартылған қазіргі заманғы жүйеде дамыған азаматтық қоғам қалыптасқан, биліктің тиімді әдістері таңдалып алынған елдер жатады.

4. Саяси режим ұғымы, типтері. Саясаттанудағы негізгі, әрі күрделі мәселелердің бірі – саяси билікті жүргізу түрі мәселесі. Бұл саяси режимге тікелей байланысты. Саяси режим – елде саяси өмірді анықтайтын мінез құлық, саяси бостандықты көрсету деңгейі және билік органдарының құқықтық қызметіне деген қатынастың қоғамдағы саяси өмір сүру тәсілі. Жалпы режим терминін екі мағынада қолдануға болады. Бірінші, саяси режимді мемлекеттің бүкіл саяси жүйесіне таратады, ал оның екінші жағынан саяси режимді тек мемлекеттің қолданатын әдістері деп түсінуге болады. Сонымен, саяси режимді мемлекеттің қолданатын әдістері, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының дамуы және кепілдіктері, демократиялық институттарды қолдану деп көрсетуге болады. Саяси режимнің мынадай түрлері болады: деспотиялық, аристократиялық, шектелген демократиялық, теократиялық, әскери-полицейлік, формальдыдемократиялық, либералды-демократиялық, патерналистік, бонапаристік, авторитарлық, тоталитарлық, фашистік, нәсілшілдік, отарлық, социалистік, пролетарлық және басқа түрлері. Саяси режимдердің негізгі бөлінуі: демократиялық және антидемократиялық режимдер. Саяси режимның әрекеттерінің кепілдектері: Азаматтық қоғам негізінде мемлекеттік органдар мен аппарат қызметтерін қадағалау жүйесі билік байланыс бар жеңілдектерді жүйесін жою азаматтарды уақылы саяси ақпаратпен қамтамасыз ету билік өкілдерінің органдарда қызметте болу мерзімін шектеу депутаттармен шенеуніктердің ауысым процедурасының жеңілдетілуі азаматтардың теңдіктеріне кепілдектер берілу, әр адамның билікті сынау құқығын мойындау.

5. Антидемократиялық саяси режим ұғымы, оның түрлері. Антидемократиялық саяси режимдердің көпшілігі бір-біріне ұқсас келеді.

Оған халық басқару процесіне қатыспайтын және оның еркімен санаспайтын режим түрлері жатады. Антидемократиялық саяси режимдерді тоталитарлық деп топтауға болады. Тоталитарлық саяси режим қоғамдық өмірді ұзақ уақыт сақтап тұруға қабілетсіз. Сондықтан олардың күйреуі өз табиғатынан туындайды. Оның белгілері:

1. Партия монополиясының өмір сүруі;
 2. Партияның өзінің демократиялық емес жолмен құрылуы;
 3. Идеологияның үстем болуы. Оны саяси басшы анықтап отырады;
 4. Тоталитаризм қоғам өміріне араласуда монополиялық бақылау негізінде құрылады;
 5. Террористік полицияның бақылауы;
 6. Адамдар саяси процестен толық аластатылады;
 7. Билік барлық деңгейде бір орталыққа, жеке адамның немесе топтың қолына жиналады;
 8. Халық арасында бір түрлі ой және бір ауыздан бақылау басым болып келеді, қарсы пікірге жол берілмейді;
 9. Билік және билеуші аппарат барлық деңгейде жасырын түрде бюрократиялық номенклатурамен анықталып, сайланып отырады;
 10. Демократиялық құқықтар мен бостандықтарға жол берілмейді.
- Тоталитарлық саяси режимдерді төмендегідей түрлерге бөлуге болады:

1. Фашистік режим алғаш 1922 жылы Италияда құрылған. Оның басында тұрған Б. Муссолини қоғамды радикалды түрде түбірінен өзгертуге емес, керісінше Рим империясының рухын, ұлтты қайта жаңғырту үшін мықты мемлекеттік билікті орнатуға ұмтылды. Фашистік идеология халық рухын тазартуға немесе ұлттық ділді қалыптастыру арқылы ұлттық біртектілікті қамтамасыз етуді көздеді. Фашизм мемлекеттік партияға негізделіп, мемлекеттің бәрінен биік тұру идеясын басшылыққа алды.

2. Әскери-фашистік режим. Бұл режимге мысалға Испаниядағы генерал Б. Франко режимін жатқызуға болады (1936 ж.). Әскери-фашистік режим әдетте әскерге сүйенеді. Әскер мемлекетте шешуші, айқындаушы рөл атқарып, фашистік идеологияны насихаттайды, либералдық және демократиялық идеологияларға тыйым салады.

3. Ұлттық социализм. 1933 жылы Германияда орнаған режим. Бұған тоталитарлық режимнің барлық қасиеттері тән. Мысалы, бір партияның идеологиясының үстемдігі, харизмалық көсем, халық өміріне араласу, оларға бақылау қою, тыңшылық, репрессия, сыртқы жауларды іздеу т.б.

4. Әскери-бюрократиялық коммунистік режим. Оның белгілері – хоризмалық көсем арқылы басқарылатын коммунистік партия, бірыңғай коммунистік идеология үстемдігі, БАҚ мемлекеттік монополия, қоғамды жаппай милитаризациялау, террор жүйесі, экономиканы орталықтан басқару болып табылады. Мысалы: Сталин тұсындағы КСРО, Қытайдағы Мао Цзедун билігі.

5. Тирания. Оның басты ерекшелігі шексіз тиран билігінің үстемдігі. Ол әдетте репрессия жасау органдарының (құпия полиция, ұлттық гвардия, әскер, арнайы террорлық ұйым) билігіне сүйенеді және үкімет басшысы

немесе көсем халықтың қорғаны деген идеология қалыптастырады. Ол «халық атасы» образына ие болады. Мысалы: Уганадағы – Амин, Орталық Африка Республикасындағы – Бокасса, Парагвайдағы – Стреснер, Гаити Республикасындағы – Дювалье режимдері.

6. Ұлтшылдық тұжырымдама – апертидтік режим ұлттық және нәсілдік басымдылық идеологиясына, басқа ұлттарды экономикалық тәуелсіздікте ұстауға, террорға сүйенеді.

7. Теократиялық режим – бұл тұжырымдама негізінен діни догмаларға негізделеді. Теократиялық режимге Ирандағы Хомейни режимі мысал бола алады. Оның белгілері біртұтас бұқаралық ислам партиясы, ресми идеология, БАҚ мемлекеттік монополия, әскери құралдардың және әскери қимылдардың барлық түріне қожалық етуі, халықты жаншуда террорлық тәсілдер басым, экономиканы орталықтан басқару болып табылады.

8. Авторитарлық режим өзінің ерекшеліктеріне байланысты тоталитарлық режимге де, демократиялық режимдермен салыстырғанда аралық сипатта болады. Онда тоталитарлық режимге де, демократиялық режимдерге тән белгілер болады. Авторитарлық билік қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау, сыртқы күштерден қорғау және сыртқы саясат мәселелермен айналысады. Сонымен қатар ол экономикалық даму стратегиясына ықпал жасап, әлеуметтік саясатты қызу жүргізуі мүмкін. Бірақ, мұнда нарық заңдары бұзылмайды. Саяси элита сақталады және ол тағайындалады. Қорыта айтқанда, авторитарлық режим тарихта кең орын алған биліктің түрі. Олар бірнеше түрлі болып келеді. Мысалы: монархия, деспотизм, диктатура, әскери хунталық, популистік т.б.

6. Демократиялық саяси режим. Демократия деген сөз гректің «демос» – халық және «кратос» – билік деген сөздерінен тұрады, яғни «халық билігі» деген мағынаны білдіреді. Қазір бұл сөз бірнеше мағынада қолданылады:

1) мемлекеттің түрпаты мен жалпы саяси жүйесі;
2) мүшелерінің теңдігіне, басқару органдарының мерзімді сайлануы және көпшілік дауыспен шешімдер қабылдау қағидаларына негізделген кез келген ұйымның ұйымдастырылу түрі;

3) қоғамдық құрылымның мұраты (идеалы) және соған сәйкес көзқарастар. Демократияның көпшілік таныған біртұтас анықтамасы жоқ. Әр дәуірдегі ойшылдар оны әртүрлі түсінген. Оның үстіне әр түрлі елдерде олардың ұлттық, тарихи және т. б. ерекшеліктеріне байланысты демократия сан түрлі рең алуы мүмкін. Дегенмен, демократиялық мемлекеттердің көп түрлілігіне қарамастан, олардың ортақ белгілері болады. Ондай белгілерге төмендегілер жатады:

1. Халық – заң жүзінде мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы. Ол мемлекет-те ұйымдастырушы, конституциялық биліктің халыққа тән екендігіне көз жеткізеді. Ол жоғары органдарға өз өкілдерін сайлайды және жүйелі түрде ауыстырып отырады. Біршама мемлекеттерде халықтың бастамасымен және референдум арқылы заңдар жетілдіріледі және қабылданады. Сондықтан АҚШ-тың төртінші президенті А. Линкольн демократияға «халық үшін халық сайлаған халық билігін» жатқызды.

2. Заң алдындағы теңдік. Әділеттілік.

3. Жүйелі түрде мемлекеттің негізгі органдарын сайлау жатады. Ең алдымен, жоғарғы заң органы сайланбалы болуы тиіс. Бұл халықтың құқықтарына кепілдік берген, демократиялық даму жолы өте ұзақ, сондықтан демократиялық режимдері күшті дамыған мемлекеттер бар (Англия, Бельгия, Исландия) демократия әдістері жаңа қалыптасып келе жатқан мемлекеттер (Қазақстан, Оңтүстік Корея), демократия формальдық түрінде енгізілген (КСРО, ГДР) елдер де бар. 1991 жылы Қазақстан Республикасы өзінің егемендігін жариялап, зайырлы, демократиялық, құқықтық мемлекет құрды. Қазақстан Республикасының Конституциясымен адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары көрсетілген, олар заңмен сот алдында теңдестірілген. Әркім өзінің жанына жақын саяси мұраттарды ұстануға ерікті. Сөз және баспасөз бостандығы, соның ішінде сынау құқығы да заң жүзінде бекітілген.

Деңгейлік тапсырмалар:

1–деңгейлік сұрақ. «Режим» түсінігіне анықтама беріңіз.

1 –деңгейлік сұрақ . Саяси режимнің түрлері.

2–деңгейлік сұрақ. «Тирания» және «әскери хунта» түсініктерін таратыңыз..

2–деңгейлік сұрақ. Авторитарлық саяси режимнің ерекшеліктерін атаңыз.?

3–деңгейлік сұрақ. Қазақстанда демократиялық жүйенің қалыптасу ерекшеліктері неде?

ОБСӨЖ тапсырмалары: Антидемократиялық саяси режим ұғымы, оның түрлері

БӨЖ тапсырмалары: Демократияның тарихи түрлерінің ерекшеліктерін анықтаңыз

Негізгі әдебиеттер:

1. Саясаттану. -Алматы: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, Оқулық, 2020.-520 бет. Хейвуд Эндрю
2. Қазіргі заманның саяси жүйелері мен режимдері. Оқу құралы. / Д. Е. Ақболат. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2020
3. Қоғамдық саясат. Саясат, талдау және баламалар: Оқулық, /Майкл Е. Крафт, Скот Р. Фурлонг.-Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2017.

Қосымша әдебиеттер:

1. Қазақстанның дін жөніндегі мемлекеттік саясаты. А.Т.Асан, А.С.Балапанова, Т.А.Козырев, 2020, Монография
2. Қазақстан республикасының ішкі және сыртқы саясаты пәнінің оқу-әдістемелік кешені.Д. Е. Ақболат. Алматы, 2019
3. Нұрсұлтан Назарбаев: Бейбітшілік және қоғамдық келісім идеясы. Ұжымдық монография. Тоғжанов Е.Л., Әбдәкімов Ә.Ә., Капашникова Н.П., т.б. Астана, 2014

WEB сайттар тізімі:

- 1 <http://rmebrk.kz/> Саясаттану. Оқу-әдістемелік құрал. А.А.Иманбаева, Алматы, 2017.

2. <http://rmebrk.kz/> Саясаттану. Оқулық. У.К.Абдыкалыков, Ж.К.Симтиков, Алматы, 2018

3.<http://rmebrk.kz/Саясаттану: Оқулық. - 2-ші бас. Г.М. Серғазина, Р.Н. Абылқалықова - Қарағанды: Medet Group, 2019>